

Қорғалжын аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 ақпандағы № 3/25 "Сот шешімімен Қорғалжын ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 тамыздағы № 2/10 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 қыркүйекте № 24206 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Қорғалжын аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қорғалжын аудандық мәслихатының "Сот шешімімен Қорғалжын ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 13 ақпандағы № 3/25 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6451 тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қорғалжын аудандық мәслихатының хатшысы

Б.Рыспаев